

УДК 72.5

ҚАЗАҚ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЖАУҺАРЫ - АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ

Ашагалиева Макпал Нұрболатовна

ashagaliyeva@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, «Сәулет» кафедрасының 1-ші курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Е.К. Дүйсебай

Мақалада Қазақстандағы XII ғасырда сақталған сәулет өнерінің ескерткіші Айша бибі кесенесінің ерекшелігі және қашаумен үңгіп жасалған бұл оюлардың бір-бірімен қилюласуы, кесененің қайталаңбас сәулеттік сипаты, композициялық шешімі мен сұлу Айша бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббаты туралы аңыздың сәулеттік мөрі. Мақаланың басты мақсаты өзімізден кейінгі жас ұрпаққа жеткізу қазақ сәулетінің бар екенің ой салу әлі де толық зерттелмегенің, қазіргі танда дамып келе жатқан еліміздің сәулеттік бағытын дұрыс жолға бұру.

Танымал Айша бибі кесенесі Тараз қаласының батыс жағында 18 км жерде Жамбыл облысы Айша бибі ауылында орналасқан. Қазахстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік көркем ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің ерекше әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған. 1953 жылы түсірілген тарихи суреттен анғаруға болады [1].



Сур. 1 Тарихи сурет Айша бибі кесенесінің сақталған батыс бөлігі [1]

Айша бибинің кім екені жөнінде атадан балаға қалған аңыз болмаса, тарихи деректер жоқ. Ал, аңыз Айша бибі шамамен XI-XII ғасырда өмір сүрген. Әкесінің есімі – Айқожа болды делінеді. Айшаның еліне келген Қараханмен жолығып, бұлардың арасында махаббат оты тұтанады. Жау жан-жақтан анталаған заманда елін қорғауға кеткен Қарахан келемін

деген уақытта келе алмай қалады. Күтуден шаршаған, құрбыларын ертіп, Қарахан еліне аттанбаққа шыққан Айшаға әкесі батасын бермей қояды. Онда да алған бетінен қайтпай өзінің махаббаты үшін құрессен бибі сапарға аттанып кетеді. Ел шетіне таянғанда суға түсіп, шаршауын баспақ болған қызды жылан шағып, ақыры сұлуды ажал құштырады. Қарахан сүйіктісімен «бұл дүниеде бірге болмасақ та, о дүниеде бір болайық» деген оймен некелерін қидырады. Ол бұл өмірде сүйгеніне адап болып өтеді. Айша бибі моласының басына үлкен күмбез салдырган екен дедінеді.

Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналарымен бекітілген оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне 60 түрлі әшекей қолданылған. Қашаумен ұңғип жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиуласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Кесене құрылышынан Темір дәүіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дәстүр айқын, аңғарылады.

Айша бибі кесенесі Орталық Азиядағы плита түрінде қапталған оюға толығымен кесілген терракотамен безендірілген. Кесене безендіруінде бай және әр түрлі геометриялық фигураларымен қапталған. Тізбектер терракотамен қапталған жіңішке суреттермен қазақ оюлармен безендірілген. Айша-бибі кесенесі көне орталық-азия түріктер халқының ою-өрнектерінің бай мұражай-сақтаулылардың байлығы болып келеді. Пішіні шаршыланып біткен, ауданы $7,6 \times 7,6$ м, бұрыштар бағана-треулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас ($3 \times 1,4$ м) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған.

Текше беттерінің қабырғага ұласар түсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегендеге 3,4 м биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың біріндегі «күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген сөздер жазылған. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) үш беліктен: күйдірілген кірпішпен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі плиткалармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады.

Айша бибі кесене сыртындағы ою өрнектердің түрлері:



сурет – 2 [2]




сурет – 3 [2]



сурет – 4 [2]

Кесененің ою өрнегін анғарып қарасақ бір бірімен үйлесіп ерекше көз тартарлықтай әсем қайталаңбас бейнесі әр түрлі ой қалдырады. Айша бибі кесенесін 2004 жылы қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. “Қазақ жобалау-қалпына келтіру” институты Айша бибі кесенесін қалпына келтіру жұмысының жобасын жасап, Тараздағы шеберхана ескерткішті қалпына келтірді. Кесене кейіпін келтіру үшін Түркістан филиалының қайта жасаушы шеберлері үш жыл бойы ескі технологиялы пештерді қолдану арқылы 72 түрлі белгі салынған плиткалар дайындауды [2].



сурет – 5 [3] Айша бибі кесенесінің қазіргі кездегі бейнесі.

Сондай-ақ кесене фундаментін қатайту қабырғаларын көтеріп алғашқы кейпіне келтіру күмбездің ішкі және сыртқы желкендерін жөндеу секілді қыын жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ электр жарығын тартып кесене аймағы қоршалды, яғни осылайша кесене қайта қалпына келтірілді. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Айта кету керек Айша бибі кесенесінің сәулеттік шешімі қайталанбас ерекше көркем эстетикалық бейнесі кез келген адамға бір ерекше әсем ой қалдырады. Кесене сыртындағы керемет безендірілген ою өрнектің формасын зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында неге біздің сәулетшілеріміз осы қайталанбас шебер керемет оюдын формасын қазіргі танда салынып жатқан ғимарттардың көркем образдық бейнесіне қолданбасқа деген ой қалдырды. Дамып келе жатқан еліміздің ertengісіне тарихи мұра қалдыру кез келген қазақ сәулетшінің арманы мақсаты. Келер ұрпақ мына біз өз тегімізді тарихымызды қазақтың стилін дамытып, жан – жағымыздың көршілес елдердің сәулеттік ғимараттарының бейнесіне қызықпай, көшірми, өзіміздің қайталанбас сәулеттік көркем бейнесін дамыту. Сәulet саласын зерттеп жүрген жас маман менің ойымша, сәулеттік стилді өз заманына сай етіп қолданып, өз қазакы тарихымызды ұмытпай сырттан келген әр бір азамат ғимаратымыздға қарағанда естен кетпес әсем ой қалдыратын дүние салуымыз керек және соған ұмтылуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. <https://informburo.kz/stati/novaya-zhizn-aysha-bibi-razrushitelnya-restavraciya-i-profsoyuznoe-palomnichestvo.html>
2. <https://mix.tn.kz/mixnews/djungarskih-vorot-mavzoley-a-lyubvi-skorbi-istoricheskie-316345/>
3. <https://yandex.by/collections/card/587392836635182258912714/>
4. Астана – архитектурная симфония Великой Степи / сост., авт. Чиканаев А.Ш. – Астана: Деловой мир Астана, 2008. – 270 с., ил.
5. Мендіқұлов М.М. Алматы қаласының архитектурасы. Алматы: Қазақ КСР ғылым Академиясының баспасы. 1953.
6. Городецкий В.Д. Алматы қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан ежелгі елді-мекендердің қалдықтары. Ташкент, 1927
7. Евсюков Н.А. Сәulet тарихы, МГТУ хабаршысы, 11 том, № 4, 2018
8. Рунге В.Ф. Дизайн, ғылым және технология тарихы. К1.1. М.: «Сәulet-с», 2016. С.53-56.
9. В.С. Степин, В.Горохов, М.А. Розов. Сәulet тарихы. Hardcover, 400 б., 2018. Баспа: Gardariki